

бесітесін

«Нұрбі» Мектеп –

бобсюйдік бакалавриат



Берлімбетова Ж.С.

Ертеңгілік

Такырыбы: «Ару коктем»

Нұрбі ортаңғы топ

Тәрбиеші: Биржанова Г. О.

Жүргізуші: Ана –десем, сезім билер тым ыстық,
Жарасымды адамдарға туыстық.
Бар адамға берсе ананың мейірін,
Орнар еді бар әлемде тыныштық.
Құрметті ата-аналар, құрметті Мөлдір Балғабайқызы және ұжым мүшелері,
сіздерді бүгінгі 8-наурыз аналар мерекесімен құттықтаймыз!
Сәбилеріңіз сіздерге тек қуаныш пен шаттық сыйласын!
Бүгінгі «Балдырған» ортаңғы тобының мерекелік ертеңгілігін ашып беру
үшін сөз кезегін балабақшамыздың менгерушісі: Мөлдір Балғабайқызына
береміз.
Жарқын жүзді жан анам,
Сендей болсын бар адам.
Сендей болса бар адам,
Шаттық кетпес баладан.
Сендей болса бар кісі,
Шексіз перзент алғысы.
Хор: «Апатайым, анашым!»
Би: «Ана-өмір шырағы»
Ендігі кезекте балаларыңыздың аналарымызды арналған тақпақтарымызды
қабыл алыңыздар.
Алақаны ақ самал
Мәпелеген жан анам.
Көкте күнім батса да,
Өзің күнсің балаға.
«Күнім», «жаным» дегенді
«Құлыншағым» дегенді,
«Ботақаным» дегенді
Ойлап тапқан аналар.
О, халайық, жарандар,
Әжемді кім жамандар?
Ақ тістері маржандай,
Сенбесендер қараңдар.
Келбетіне көз салсан,
Көктемнің нұрлы шуағындей.
Оймақ ауыз, күлім көз
Өзі сұлу, ақылды.
Сүйкімді біздің әжетай
Сәлемді біздің қабыл ал.
Бүгін наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз адамның,
Анаға айтар лебізі.
Таусылмайды өлеңі
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа,

Кәмпит әкеп береді.
Әжем мені өйткені
Өте жақсы көреді.
Тендесі жоқ данасын,
Арқа тұтар панаңын.
Еңбегінді ақтайын
Аман болшы, анашым.
Сөзімді дұрыстайтын, әже,
Айғайлап ұрыспайтын әже.
Қыдырса, ерте кететін әже,
Ылғи да еркелететін әже.
Жүре берсем қасында,
Айбат анам, ай анам!
Ботам деген даусынан
Мен мәз болып оянам.
Айналайын ақ мамам
«Көктем аруы» «Көктем келді» әнімен келеді.
Көктемде, көктемде,
Күн нұрын төккенде.
Көк шыбық былтырғы, Көктеді, гүлдеді.
Саламатсындарма, балалар, міне күннің көзін жадыратып, қатқан мұзды
жібітіп, әнші құстарды сайратып, сұлу көктем, мен де келдім орталарына.
Қане көнілімізді көтеріп, бір серігіп алайық.
Ал енді, балалар сендер менімен ойын ойнағыларың келе ме?
Олай болса ортаға екі қызы бала шықсын. Бұл екі қызы бала анасына қалай
көмектесе алатынын көрейік, тексерейік, жарайма.
Шарты: Мұнда шашылып жатқан қағаздарды тез арада жинап, анасына арнап
стол жасауы керек. (2 стол, 2 құмыра, гүлдер, 2 жапқыш, төсеніш керек).
Енді 4 ер бала шығуы керек және бір ана шықсын. Енді осы шығып тұрған
ана балалардың ішінен өз баласын шатаспай табу керек.
Жүргізуші:
Жаңбырменен жер көгерер,
Өнерлі бала сүйкімді көрінер.
Әжелерді құттықтап мейрамымен,
Би билеп бұлдіршіндер дөңгеленер.
Би: «Тарантелла» биі
Ендігі кезекте «Балдырған» ортаңғы тобының ұл балаларының мерекелік
шағын көрінісін көріп тамашалаңыздар.
Көрініс: Екі ер бала жатын киімімен ұйқы бөлмесінен жәй басып келіп столға
жайғасып қыздарға арнап сыйлық жасай
бастайды, осы кезде тәрбиеші апайы көріп қалып, балалар сендер мұнда не
істеп отырсындар, қане орындарыңа барып жатындар- дейді.
Азамат пен Жұбаныш-тиш-тиш апай ұн деменізші, қыздар оянып кетеді.
Бүгін қыздардың мерекесі ғой, біз қыздарға арнап сыйлық дайындал
жатырмыз. Қыздар ұйықтап жатқанда істеп қоймасақ олар көріп қояды ғой.

Сіз бізге ұрыспаңызы- өтінеміз.

Тәрбиеші апайы:- А -а-а- макұл, жарайды онда. Бүгін сендер ұмытыш кетті ме- десем, азаннан бері осы тұскі ұйқының уақытын қутіп жүр екенсіндер ғой.

Азамат: Жұбаныш біздің жұмысымыз көбейді, бұл қыздардың ғана мерекесі емес, біздің апайларымыздың да мерекесі еken ғой, тездепесек болмас, тездетіп жасайық досым.

Балалар:- Мінеки, дайын болды.

Жүргізуші: Олай болса, балалар, сыйлықтарыңды апайларың мен «Балдырған» ортаңғы тобының қыздарына тарту етулеріңе болады.

Ән: «Тәтті» Орындайтындар: Шұғыла, Қәусар, Назым, Жұлдыз, Інжу, Жанель.

Біздің аналарымызға арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

Ақ жүректе сақтаған

Жарқын жүзің бақ маған

Ақ бетіңнен сүйемін

Келші, келші, ақ мамам

Жарқын жүзді жан анам,

Сендей болсын бар адам .

Сендей болса бар адам,

Шаттық кетпес баладан.

Мерекесі бүгін ,

Алтын анамның.

Сыйлайыншы гүлін,

Жарқын даламның.

Өлең айтып би билер,

Бағалаймыз еңбегін,

Аман болсын аналар!

Тұнде сергіп жатпаған,

Күндіз тыным таппаған.

Бізсіз тاماқ татпаған,

Айналайын, ақ мамам

Ақ анашым, аппағым,

Өзің жайлы тақпағым.

Өзің жайлы әнім де,

Арнадым саған бәрін де

Аналарды сүйеміз,

Сөзін ойға түйеміз.

Әжени де ардақтап,

Әдеппен бас иеміз.

Сенсің ана, жан күші,

Сендей болсын бар кісі.

Сендей болса бар кісі,

Шексіз перзент алғысы.

«Ана деп ән салам»

Хор: Біздің аналарымызға арналған тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

Шалқып-тасып әніміз,
Жадырасын жанымыз.
Ана, сені құттықтаап,
Әндегеміз бәріміз.
Әр сөзінді жаттағам,
Жүргімде сақтағам.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам!
Ананың біз гүліміз,
Ана – біздің құніміз,
Ұландарды қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз!
Бізді өсіріп баптаған,
Жақсы болсақ шаттанған.
Алтыным деп мақтаған,
Айналайын ақ мамам!
Күлімдеген көзі,
Күннің нұрындай.
Ұлым деген сөзі,
Ақын жырындай.
Баланың да тірегі,
Даланың да тірегі.
Шаршамасын ешқашан,
Аналардың жүргегі.

Хор: «Әжеммен қаламын»

Ендігі кезекті «Ару қыздар» дефилесіне берейік.

Алдымен аруларымызды ортаға шақырмас бұрын, әділқазылар алқасын тағайындастық. Әділ қазылар қыздардың киім үлгілеріне, залда жүріп көрсете алуына жеке-жеке баға беріп отырады.

(Әділқазылар алқасы сайланады.)

Әділқазы мүшелері:

Балабақшамыздың менгерушісі: М. Балғабайқызы

Балабақшамыздың әдіскері: А. Жұмағұлова

Балабақша психологы: М. Жүсіпқызы.

Қыз емес қыздың аты-қызыл алтын,

Көрінер толған айдай жүзі жарқын.

Үлкенді сыйлай білген қыз баласы,

Халқының сақтай білген ізгі салтын.- деп «Балдырған» ортанғы тобының ару қыздарын қошеметпен ортаға шақырамыз. Жәй әннің әуенімен қыздар ортаға біртінде шығады.

Әділқазыларымыз дайын болғанша біздің аналарымызға арналған

тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.
Құрт пен майын жинаған,
Балаларға сыйлаған.
Бұл әжемнің өмірі ,
Таусылмайтын жыр маған.
«Ана» деген сөзді де,
«Әке» деген сөзді де,
«Ата» деген сөзді де
Ойлап тапқан балалар.
Сөздерді ең аяулы,
Жақсы көріп жаттадым.
Енді білдім оларды,
Кімнің ойлап тапқанын.
«Алысқа кетпе» дейтін әже,
Келмесем өкпелейтін әже,
Ойынға досым шақырып тұр
Апама айтпай, жібересің бе, әже!.

Би: «Тфай-тфай». Хор «Әжем менің тамаша»

Ендігі кезекте әділқазыларымыздың шешімін тыңдайық. Ару қыздарымызды марапаттарымен құттықтай отырып «Балдырған» ортаңғы тобының ұлдарының дайындаған сый – сыйапатын қабыл алыңыздар. Осымен «Ана-әмір шырағы» атты мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз.
Көріп тамашалағандарыңызға көп раҳмет!
Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Құрметті қонақтар, ата – аналар бүгінгі «Күз» атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар!